

Екібастұз көмір бассейні көмір разрездерінің іркіліссіз өндірістік қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 қыркүйек N 1461

Екібастұз көмір бассейні "Северный" разрезіне байланысты қосалқы бөлімшелердің маңызды технологиялық мәнін ескере отырып, көмір өндіруші разрездердің өндірістік қызметін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен "Северный" разрезімен технологиялық байланысты қосалқы бөлімшелердің мүлкін 1996 жылғы 5 желтоқсандағы N 04/008-96 сатып алу-сату келісімшартына N 6 қосымшаға сәйкес, "Трудовая" және "Ударная" станцияларын қоспағанда, "Екібастұз энергоорталығы" жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталына беруді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағына сәйкес берілген мүліктің базасында

"Солтүстік жүк тиек-көлік басқармасы" жауапкершілігі шектеулі серікtestігін құруды;

2) "Солтүстік жүк тиек-көлік басқармасы" жауапкершілігі шектеулі серікtestігінде қатысадын жүз пайыздық улесін "Ресей БЭЖ" РАҚ-ның меншігіне беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Минistrінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.Н.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК